ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЭЛЕКТР КАБЕЛЬДЕРІ МЕН СЫМДАРЫ
Өрт қауіптілігі көрсеткіштері
Сынау әдістері

КАБЕЛИ И ПРОВОДА ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ
Показатели пожарной опасности
Методы испытаний

ҚР СТ 1798-2008

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЭЛЕКТР КАБЕЛЬДЕРІ МЕН СЫМДАРЫ
Өрт қауіптілігі көрсеткіштері

Сынау әдістері

ҚР СТ 1798-2008

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс жөніндегі арнайы ғылыми-зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2008 жылғы 26 қарашадағы № 600-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт осы стандартқа енгізілген және мәтінде көлбеу жазумен ерекшеленген сынау әдістері бөлігінде МЭК 60332-1-1: 2004 «Электр және талшықты-оптикалық кабельдер. Өрт жағдайларында сынау. 1-1 бөлімі. Бір оқшауланған сым немесе кабель үшін жалынның тігінен таралуы. Аппаратура»; МЭК 60332-3-10: 2000 «Жалынның әсер етуі кезінде электр және оптикалық кабельдерді сынау. 3-10 бөлімі. Кабельдер мен сымдардың тігінен орналасқан будалары бойымен жалынның таралуы. Сынау қондырғысы»; МЭК 60332-3-22: 2000 «Жалынның әсер етуі кезінде электр және оптикалық кабельдерді сынау. 3–22 бөлімі. Кабельдер мен сымдардың тігінен орналасқан будалары бойымен жалынның таралуы. А санаты»; МЭК 60332-3-23: 2000 «Жалынның әсер етуі кезінде электр және оптикалық кабельдерді сынау. 3–23 бөлімі. Кабельдер мен сымдардың тігінен орналасқан будалары бойымен жалынның таралуы. В санаты»; МЭК 60332-3-24: 2000 «Жалынның әсер етуі кезінде электр және оптикалық кабельдерді сынау. 3–24 бөлімі. Кабельдер мен сымдардың тігінен орналасқан будалары бойымен жалынның таралуы. С санаты»; МЭК 60322-3-25: 2000 «Жалынның әсер етуі кезінде электр және оптикалық кабельдерді сынау. 3–25 бөлімі. Кабельдер мен сымдардың тігінен орналасқан будалары бойымен жалынның таралуы. D санаты» халықаралық стандарттарының талаптарымен үйлестірілді

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 09 қарашадағы № 603-II, «Өрт қауіптігі туралы» 1996 жылғы 22 қарашадағы № 48-1, «Табиғи және техногенді сипатты төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі № 19-1 Қазақстан Республикасының Заңдарының нормалары іске асырылды

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1

2 Нормативтік сілтемелер..... 1

3 Терминдер мен анықтамалар..... 2

4 Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері..... 2

5 Құжаттамаға қойылатын талаптар..... 3

6 Сынау әдістері..... 3

А қосымшасы (міндетті). Кабельдер мен сымдардың өрт қауіптілігі көрсеткіші 19

Б қосымшасы (міндетті). Жекелеген тік орналастырылған оқшауланған кабельдің немесе сымның жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау жүргізу кезіндегі үлгінің сынау камерасында орналасу схемасы 21

В қосымшасы (міндетті). Диаметрі 0,4 мм-ден о,8 мм дейінгі ток өткізгіш желілері бар немесе 0,1 мм^2-ден 0,5 мм^2-ге дейінгі қималы көп сымды ток өткізгіш желілері бар жекелеген тік орналастырылған оқшауланған кабельдің немесе сымның жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау жүргізуге арналған үлгіге қатысты жандырғының орналасу схемасы 23

Г қосымшасы (міндетті). Сынау камерасының схемасы 24

Д қосымшасы (міндетті). Сынау жүргізуге арналған кабельді таңдауға қойылатын талаптар (А санаты) 30

Е қосымшасы (міндетті). Сынақтар жүргізу үшін кабельдерді таңдауға қойылатын талаптар (В санаты) 33

Ж қосымшасы (міндетті). Сынақтар жүргізу үшін кабельдерді таңдауға қойылатын талаптар (С санаты) 34

И қосымшасы (міндетті). Сынақтар жүргізу үшін кабельдерді таңдауға қойылатын талаптар (D санаты) 35

К қосымшасы (міндетті). Газдардың тотығу белсенділігін анықтауға арналған қондырғының схемасы 36

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

ЭЛЕКТР КАБЕЛЬДЕРІ МЕН СЫМДАРЫ
Өрт қауіптілігі көрсеткіштері
Сынау әдістері

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын кабельдік құрылыстар мен үй-жайларда төсеуге арналған 35 кВ дейінгі электр кернеулігінің кабельдері мен сымдарына таратылады және өрт қауіпсіздігі көрсеткіштерін және сынау әдістерін белгілейді.

Осы стандарт судың астында төсеуге арналған кабельдер мен сымдарға, сондай-ақ май толтырылған, газ толтырылған, оралған және оқшауланбаған кабельдер мен сымдарға таратылмайды.

Стандарт ережесі өнімді өндіру, жаңғырту және өткізу үшін өнімді әзірлеу және жеткізу кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ 2.4 -2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Сынақтар жүргізу және өлшеу құралдарының типін бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30-2007 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75 - 2004 Қазақстан Республикасының Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі. Сынау жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ 1088 – 2003 Өрт қауіпсіздігі. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 2.601 -2006 ГОСТ 2.601-95 Құрастырылымдық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 12.1.044-89 Материалдар мен заттардың өрт-жарылыс қауіпсіздігі. Көрсеткіштердің номенклатурасы және оларды анықтау әдістері.

ГОСТ 427 -75 Өлшеуіш металл сызғыш Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770 -74 Зертханалық шыны өлшеуіш ыдыс. Цилиндрлер, өлшектер, құтылар, түтікшелер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 3282 -74 Жалпы мақсатқа арналған төмен көміртекті болат сым. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5378 -88 Ниусты бұрыш өлшеуіштер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6616-94 Термикалық электрлі түрлендіргіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 6709 -72 Дистелденген су. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13045 -81 Ротаметрлер. Жалпы техникалық шарттар.

Ресми басылым

ГОСТ 13646-68 Дәл өлшеуге арналған сынабы бар шыны термометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 15150 -69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандар үшін орындау. Сыртқы ортаның климаттық факторларының әсер ету бөлігіндегі санаттар, пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары .

ГОСТ 18481 -81 Ареометрлер және шыны цилиндрлер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 19611-74 Нейтронды ылғал өлшеуіштер. Типтері және негізгі параметрлері.

ГОСТ 24104 -2001 Зертханалық таразылар. Жалпы техникалық шарттар.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 12.1.044 және ҚР СТ 1088 сәйкес терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Жалынның биіктігі**: Көрініп тұрған жалын шыңы мен жалынның жоғарғы бетінің ара қашықтығы.

3.2 **Тұтану көзі**: Жануға ұқсатылған жалын көзі.

3.3 **Кабельдер мен сымдардың оқшаулау материалдарының жануы кезінде шығарылатын газдардың жемірілу белсенділігі**: Газдың аспаптарға, жабдыққа, құрастырылымға және материалдарға тотығу әсерін көрсетуі мүмкін ауада ылғалдылықпен қышқыл тұман жасау мүмкіндігі.

3.4 **Көмірленген бөлік**: Пиролиздің немесе толық жанбау нәтижесінен қалған көміртекті қалдық.

3.5 **Бұйымның отқа төзімділік шегі:** Өрттің стандартты ошағының бұйымына әсері кезінде кабельде немесе сымда кернеу көзінің әртүрлі фазасына қосылған жекелеген ток өткізгіш желілер арасында қысқа тұйықталуды болдырмайтын уақыт.

3.6 **Бұйымның жануының таралу шегі**: Сынау жүргізу жағдайында кабельдің немесе сымның жанған (көмірленген) ұзындығы.

3.7 **Бұйымның рұқсат етілген қыздыру температурасының шегі**: Кабель немесе сым өзінің пайдалану сипаттамасын толығымен сақтайтын кездегі бұйымның ток өткізетін желісінің қыздырылу температурасы.

3.8 **Жалынның таралуы**: Жалын фронтының таралуы.

4 Өрт қауіптілігінің көрсеткіштері

4.1. Кабельдердің және сымдардың өрт қауіптілігінің көрсеткіштері А қосымшасының А.1 кестесінде берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

4.2. Өрт қауіптілігінің тиісті көрсеткіштерін сынау және анықтау нәтижелері бойынша кабельге немесе сымға әріптік-цифрлік белгілерден тұруға тиісті өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің коды беріледі.

Әріптік белгі кабельдің немесе сымның өрт қауіптілігінің тиісті көрсеткішінің атауынан өз аббревиатурасын көрсетуге тиіс.

Цифрлік белгі өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің шамасына (ауқымына) сәйкес келуге тиіс.

4.3 Бұйымның өрт қауіптілігі көрсеткішінің кодын белгілеу кезінде мыналар ретімен белгіленеді:

- жанудың таралу шегі;
- бұйымның отқа төзімділік шегі;
- кабельдің немесе сымның жану өнімінің жемірілуге белсенділігінің көрсеткіші;

- бұйымның полимерлік материалдарының жанған өнімдерінің уыттылық көрсеткіші.

4.4 Жалғыз оқшауланған кабель немесе сым үшін, сондай-ақ будамен өткізілген кабельдер немесе сымдар үшін өрт қауіптілігі көрсеткішінің кодын белгілеу мысалы А қосымшасының А.1 кестесінде берілген.

5 Құжаттамаға қойылатын талаптар

5.1 Нормативтік және техникалық құжаттама ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес әзірленуге тиіс.

5.2 Нормативтік және техникалық құжаттама «Өрт қауіпсіздігінің талаптары» деген бөлімді қамтуы тиіс, онда:

- бұйымның өрт қауіптілігі көрсеткіштері мен олардың мәні;
- бұйымның өрт қауіптілігі көрсеткішінің коды келтірілуі керек.

5.3 Нормативтік және техникалық құжаттама мемлекеттік және орыс тілінде орындалуға тиіс.

6 Сынау әдістері

6.1 Жалпы талаптар

6.1.1 Сынау ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес келетін қалыпты климаттық жағдайдағы үй-жайда жүргізілуге тиіс.

6.1.2 Сынау кезінде қолданылатын өлшеу құралдары ҚР СТ 2.21 сәйкес типті бекіту туралы сертификаты немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестаттау болуға, Қазақстан Республикасының Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелуге және ҚР СТ 2.4 сәйкес салыстырылып тексерілуге тиіс.

Қалыпты сыртқы әсер етуші факторларды және (немесе) жүктемелерді шығаратын сынау жабдығы ҚР СТ 2.75 сәйкес аттестатталуға тиіс.

6.1.3 Өрт қауіптілігі көрсеткіштерін анықтау бойынша сынау нәтижелері өнімнің барлық топтамасына (топтамаларына) таралуға тиіс.

6.2 Сынау әдістері

6.2.1 Диаметрі 0,8 мм артық ток өткізгіштігінің желілері бар немесе 0,5 мм^2 артық қималы көп сымды ток өткізгіш желілері бар жеке тік ориаласқан оқшаулау кабельінің немесе сымының жануының таралу шегін анықтау бойынша жүргізілетін сынау әдісі

6.2.1.1 Үлгілерді іріктеу және дайындау

Кабельдің немесе сымның ұштарынан ұзындығы (600 ± 25) мм үш үлгіні іріктеп алады.

Егер кабель немесе сым лакпен немесе бояумен боялса, онда сынау алдында үлгі (60 ± 2) ° С температурада 4 сағат бойы ұсталады.

Сынау алдында үлгілерді (23 ± 5)° С температурада және (50 ± 20)% салыстырмалы ылғалдылықта 16 сағ кем емес кондиционирлейді.

6.2.1.2 Сынау жабдығы:

- ұзындығы (450 ± 25) мм, ені (300 ± 25) мм және биіктігі (1200 ± 25) мм алдыңғы қабырға жоқ сынау камерасы. Камераның барлық қабырғалары металлдан жасалуға, ал табаны асбест қабатымен немесе басқа жылу қорғауыш материалымен қорғалуға тиіс.

- соплоның тесігінің ішкі диаметрі 8 мм болатын «Бунзен» типті жандырғы;
- ГОСТ 5378 бойынша өлшеу қателігі ± 1 ° артық емес бұрыш өлшеуіш;
- ГОСТ 427 бойынша бөлу бағасы 1 мм өлшеуіш металл сызғыш;
- өлшеу қателігі ± 1 с артық емес секундомер.

Сынау камерасының, жандырғының және үлгінің орналасу схемасы Б қосымшасының Б.1 - Б.3 суреттерінде келтірілген.

6.2.1.3 Сынауға дайындық

Үлгіні 1 мм^2 қималы мыс сымның көмегімен жоғарғы тіреуіштің төменгі жиегінен төменгі тіреуіштің жоғарғы жиегінің ара қашықтығы (550 ± 5) мм құрайтындай етіп екі көлденең тіреуішке бекітеді.

Үлгі оның төменгі шеті камера түбінен (50 ± 1) мм қашықтықта болатындай етіп орналастырылуға тиіс.

6.2.1.4 Сынақтар жүргізу

Көк түсті жалынның ішкі конусының ұшы жоғарғы тік тіреуіштің төменгі жиегінен (475 ± 5) мм ара қашықтықтағы үлгінің бетіне тиетіндей етіп үлгіні орналастырып, қосады, бұл кезде жандырғы соплосының осі (45 ± 2) ^{o} бұрышында үлгінің осіне тік орналасуға тиіс.

Жалын үлгіге үлгінің диаметрінен байланысты уақыт аралығында үздіксіз әсер етуге және 1-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Жалынның үлгіге әсер ету уақыты аяқталғаннан кейін жандырғыны алып, жандырғының отын сөндіреді.

Үлгінің жануы толығымен тоқтағаннан кейін оны матамен мұқият сүртеді.

Үлгінің сөну уақыты регламенттелмейді.

Егер үлгінің беті зақымдалмаса, сүртілгеннен кейін үлгінің бетінде күйенің болуына жол беріледі. Бейметалл материалдардың қандай да бір пішінінің бұзылуы немесе жұмсаруы есептелмейді.

1-кесте– Үлгінің сыртқы диаметріне байланысты жандырғының жалынының әсер ету уақыты

Үлгінің сыртқы диаметрі*, мм	Жалынның әсер ету уақыты, с
25 кем	60 ± 2
25-тен 50 дейін	120 ± 2
51-ден 75 дейін	240 ± 2
75 артық	480 ± 2
* Жалпақ қималы кабельдерді сынау кезінде кабельдің периметрін анықтайды және дөңгелек кабельдің балама диаметрін есептейді.	

Ескертпе – Жазық қималы кабельге жалын әсерінің орны кабельдің жазық жағының орта бөлігінде болуға тиіс.

Жоғарғы тіреуіштің төменгі жиегінен бұйымның көмірленген бөлігінің ара қашықтығын 1 мм дейінгі дәлдікпен өлшейді.

Көмірленген бөлшектің басын мынадай ретпен анықтайды:

- үлгінің бетіне өткір затпен (пышақтың жүзі) басады;

- үлгінің серпімді бетінің өзгеруін бекітетін орнын көмірленген бөлшектің басы болып қабылданады.

6.2.1.5 Сынау нәтижелері

Үлгінің бетінен күйелерді алып тастағаннан кейін 50 мм кем емес аралықта жоғарғы қысылудың төменгі жиегінен үлгінің зақымданған бөлігіне дейін күйелену мен зақымданған бөлшектер табылмаса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГО 1өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің коды сәйкес келеді.

Үлгінің бетінен күйелерді алып тастағаннан кейін 50 мм кем емес аралықта жоғарғы қысылудың төменгі жиегінен үлгінің зақымданған бөлігіне дейін күйеленген мен зақымданған бөлшектер табылмаса, онда бұйым ПРГО 2 өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің кодына жатады.

6.2.2 Диаметрі 0,4 мм–ден 0,8 мм-ге дейінгі ток өткізгіштігінің желілері бар немесе 0,1 мм^2 ден 0,5 мм^2 ге дейінгі қималы көп сымды ток өткізгіш желілері бар жеке тік орналасқан оқшаулау кабельінің немесе сымының жануының таралу шегін анықтау бойынша жүргізілетін сынау әдісі

6.2.2.2 Үлгіні іріктеу және дайындау

Кабельдің немесе сымның ұшынан ұзындығы (600 ± 25) мм үш үлгіні іріктеп алады.

Егер кабель немесе сым лакпен немесе бояумен боялса, онда үлгіні сынау алдында (60 ± 2) ° С температурада 4 сағат бойы ұстау керек.

Сынау алдында үлгіні (23 ± 5) ° С температурада және (50 ± 20) % салыстырмалы ылғалдылықта 16 сағ кем емес уақыт кондиционирлейді.

6.2.2.2 Сынау жабдығы:

- ұзындығы (450 ± 25) мм, ені (300 ± 25) мм және биіктігі(1200 ± 25) мм алдыңғы қабырғасы жоқ сынау камерасы. Камераның барлық қабырғалары металлдан жасалуға, ал түбі асбест қабатымен немесе басқа жылу қорғауыш материалымен қорғалуға тиіс.

- ГОСТ 24104 бойынша класс дәлділігі жоғары зертханалық таразылар;

- ГОСТ 5378 бойынша өлшеу қателігі ± 1 ° артық емес бұрыш өлшеуіш;

- ГОСТ 427 бойынша бөлу бағасы 1 мм өлшеуіш металл сызғыш;

- өлшеу қателігі ± 1 сек артық емес секундомер.

- сопло саңылауының ішкі диаметрі 8 мм болатын «Бунзен» типті жандырғы;

Жандырғының көлденең кесіндісінің схемасы Б қосымшасының Б.3 суретінде берілген.

Үлгіге қатысты жандырғының орналасу схемасы В қосымшасының В.1 суретінде берілген.

6.2.2.3 Сынауға дайындау

Үлгіні түзулейді және металл камераның ортасына тігінен бекітеді. Үлгінің төменгі бөлігіне төменгі және жоғарғы қысқылардың арасындағы өткізгіштің немесе кабель ұзындығы (550 ± 5) мм болатындай етіп, ток өткізгіш желісінің 1 мм^2 қимасына 5 Н күш салынады.

Тік жағдайда немесе ауа жолы жабылған жағдайда да, жандырғы жарық жалынын қамтамасыз етуге тиіс. Газдың шығыны жарық жалынының ұзындығы (125 ± 25) мм болатындай етіп реттеледі. Жандырғының осі үлгі осінен (45 ± 2) ° бұрышты құрауға тиіс.

Жандырғының сопласының ұшы мен үлгі бетінің арасындағы жандырғының осі бойымен өлшеген арақашықтық (10 ± 1) мм болуға тиіс.

Жандырғы мен үлгінің остерінің қиылысу нүктесінен және ток өткізетін желінің 1 мм^2 қимасына 5 Н күш салу нүктесіне дейінгі арақашықтық (100 ± 10) мм болуға тиіс.

Жандырғының мен үлгінің осьтерінің қиылысу нүктесінен ток өткізетін желінің 1 мм^2 қимасына 5 Н күш салу нүктесіне дейінгі арақашықтық 465 мм ден аспауға тиіс.

6.2.2.4 Сынақтар жүргізу

Жандырғының жалынын үлгіні орайтындай етіп орналастырады.

Жандырғының жалыны бірінші үлгіге (20 ± 1) сек ішінде тиеді.

Егер сым немесе кабель, (20 ± 1) секундтан аз уақытта балқып кетсе, сынауды екінш үлгіде (7 ± 1) сек жалынның ұзақ әсерінде қайталайды.

Бұл жағдайда сынау нәтижелерін тек екінші үлгі бойынша бағалайды.

6.2.2.5 Сынау нәтижелері

Егер үлгінің бетінен күйікті алып тастағаннан кейін көмірленген немесе зақымданған бөліктерімен жоғарғы қысымның төменгі бөлігінен үлгінің зақымданған бөлігіне дейін 50 мм арақашықтықта болса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГО 1 өрт қауіптілігі көрсеткішінің кодына сәйкес келеді.

Егер үлгінің бетінен күйікті алып тастағаннан кейін көмірленген немесе зақымданған бөліктерімен жоғарғы қысымның төменгі бөлігінен үлгінің зақымданған бөлігіне дейін 50 мм ара қашықтықта болса, онда бұйым ПРГО 2 өрт қауіпсіздігі көрсеткішінің коды жатады.

6.2.3 Будалармен төселген кабельдердің немесе сымдардың жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау әдістері

6.2.3.1 Сынау жабдығы:

- ГОСТ 13646 бойынша өлшеу қателігі ± 1° артық емес термометр;
- ГОСТ 427 бойынша бөлу бағасы 1 мм өлшеуіш металл сызғыш;
- ГОСТ 3282 бойынша болат сым;

- номиналды жиілігі 95 % болатын техникалық санатты пропан газы;

- ені (1000 ± 100) мм, тереңдігі (2000 ± 100) мм және биіктігі (4000 ± 100) мм сынау камерасы.

Сынау камерасының едені жердің деңгейінен көтеріңкі болуға тиіс.

Сынау камерасының схемасы Г қосымшасының Г.1 суретінде берілген.

Камера қабырғаларының түйісуі ауа өткізбейтін болуға тиіс. Ауа сынау камерасының еденінде оның алдыңғы қабырғасынан (150 ± 10) мм ара қашықтықта тұрған көлемі (800 ± 20) мм × (400 ± 10) мм кіретін саңылау арқылы еркін келуі керек.

Шығатын саңылау көлемі (300 ± 30) мм × (1000 ± 100) мм сынау камерасының жоғарғы бөлігіне орналасуға тиіс.

Қабырғаның артқы немесе бүйір жақ қабырғаларында жылу беру коэффициентін $^{0,7\ Вт/м2}$. К қамтамасыз ететін термикалық оқшаулау болуға тиіс.

Сынау камерасының артқы және бүйір жақ қабырғаларының термикалық оқшаулау схемасы Г қосымшасының Г.2 суретінде берілген.

Камераның артқы жағы мен сатының арасындағы қашықтық (150 ± 10) мм кем болмауға, ал сатының төменгі баспалдағынан еденге дейінгі ара қашықтық (400 ± 5) мм кем болмауға тиіс.

Үлгінің ең төменгі нүктесінен камера еденіне дейінгі арақашықтық 100 мм кем болмауға тиіс.

Камераға берілетін ауа ағымын бақылайтын құрылғы камераға кіретін ауа тасқынының (5000 ± 500) л/мин жылдамдығын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескертпе – Сынау камерасына ауаны тиісті желдеткіштің көмегімен кіру саңылауы арқылы беру ұсынылады.

Болат құбыр сатылардың екі түрі:

- *ені (500 ± 5) мм стандартты саты;*
- *ені (800 ± 10) мм жалпақ саты.*

Болат құбыр сатылардың схемалары Г қосымшасының Г.3 суретінде берілген.

Үлгінің сатыда орналасу схемасы Г қосымшасының Г.4 суретінде берілген.

Сынақтар жүргізу үшін *«Вентури» қоспаларымен және шығындарды өлшеуіштердің дербес жинымен жинақтап таспа типті бір немесе екі газ жандырғысы қолданылады.*

Жандырғының жұмыс істейтін бөлігі жалпақ металл тілімше түрінде әрқайсысы диаметрі (1,32 ± 0,03) мм 242 саңылауы болуы керек, әрқайсысы бір-біріне 3,2 мм ара қашықтықта сатылай үш қатарда орналасқан: 81, 80 және 81сәйкес саңылаулар, мұндайда (257 ± 5) мм × (4,5 ± 0,5) мм көлемді тік бұрыштар пайда болады.

Жандырғы жылу бөлудің номиналды қарқындылығын (20,5 ± 0,5) кВт қамтамасыз етуге тиіс.

Жандырғы сатыға қатысты симметриялы сынау камерасының еденінің астында (600 ± 5) мм биіктіктегі үлгінің алдыңғы бетіне (75 ± 5) мм ара қашықтықта көлденеңінен бекітілуге тиіс.

Жандырғының жалын түсу нүктесі үлгінің төменгі шетінен 500 мм кем емес арақашықтыққа екі сатының баспалдақтары арасындағы ортада тұруы керек.

Ескертпе – Ауаның тасқынын және сынауға дейінгі оттың қосылуынсыз жұмыс жағдайындағы газды реттеуге рұқсат етіледі.

Егер кең сатыны қолдану кезінде екі жандырғы қолданылса, олар сатының осіне қатысты симметриялы орналасуға тиіс. Жандырғының жүйесі оның орталық сызығы сатысының ортасымен дәл келетіндей етіп орналасуға тиіс.

Жандырғының схемалары Г қосымшасының Г.5 суретінде берілген.

Жандырғы саңылауларының орналасу схемасы Г қосымшасының Г.6 суретінде берілген.

Оттың жұмысын бақылау жүйесінің схемасы Г қосымшасының Г.7 суретінде келтірілген.

6.2.3.2 Будалармен өткізілген кабельдердің немесе сымдардың жануының тарау шегін анықтау бойынша сынау әдісі (А санаты)

6.2.3.2.1 Үлгіні іріктеу және дайындау

Сыналатын үлгі әрқайсысының ұзындығы 3,5 м кем емес, бір құрылыс ұзындығымен іріктелген кабель кесіндісінен тұруға тиіс.

Үлгідегі кабель кесіндісінің жалпы саны сыналатын үлгінің 1 м ұзындығына бейметалл материалдардың 7 л жалпы номиналды көлемін қамтамасыз етуге тиіс.

Сыналатын үлгіні таңдау Д қосымшасында келтірілген талаптарды ескере отырып жүргізіледі.

Үлгіні құрайтын кесінділер сынау басталар алдында (20 ± 10) ° С температурада 16 сағаттан кем емес уақыт кондиционерлейді.

Сыналатын кесінділер құрғақ болуы керек.

Талап етілетін кабель кесінділерін есептеу үшін бір кесіндінің бір метріндегі бейметалл материалдардың көлемін анықтайды.

Ұзындықты дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін 0,3 м кем емес кабель үлгісін кесілген бет оське перпендикуляр болатындай етіп кеседі.

Үлгіні бөлшектейді және әрбір C_i бейметалл материалды өлшейді.

Массасы үлгінің жалпы салмағының 5 % кем емес салмағын құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәні 1,0 кг/дм^3 тең қабылданады.

Массасы үлгінің жалпы салмағының 5 % артық салмағын құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін Д қосымшасында берілген әдіс бойынша анықталады.

Егер кабельдің электр өткізетін экрандары оқшаулау материалынан алып тасталмаса, бұл құрамбірліктер олардың салмағын өлшеу кезінде және тығыздықты анықтау кезінде бір бүтін ретінде қабылданады.

Әрбір бейметалл материалдың C_i, кабелдің ұзындығының V_i көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_i = \frac{Mi}{\rho_i \cdot l}, \text{ п/м} \qquad (1)$$

мұндағы M_i – материалдың салмағы C_i, кг;

ρ_i –материалдың тығыздығы C_i, кг/дм^3;

l – кабельдің сыналатын үлгісінің ұзындығы, м.

Кабельдің бір метріндегі бейметалл материалдардың жалпы V көлемі жеке көлемді сомаға V_1, V_2 тең.

6.2.3.2.2 Сынау жабдығы 6.2.3.1 талаптарына сәйкес.

6.2.3.2.3 Сынауға дайындау

Біреуден кем емес 35 мм^2 артық қималы ток өткізгіш желілері бар кабельдер үшін, кабельдің әрбір кесіндісін жеке металм (болат немесе мыс) сым арқылы сатының баспалдағына бекітеді. Диаметрі 50 мм дейінгі қоса алғанда кабельдер үшін диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі сым қолданылады, ал диаметрі 50 мм артық кабельдер үшін диаметрі 1,0 мм-ден 1,5мм дейінгі сым қолданылады.

Кабельдің кесінділері кабель диаметрінің жартысына тең, бірақ 20 мм артық емес көрші кесінділер арасына саңылаулары бар бір қабатты сатының алдыңғы жағына бекітілуі керек. Сынақтар жүргізу үшін үлгінің шеті мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиістігін есепке ала отырып стандартты сатыны немесе кең сатыны қолдануға жол беріледі.

Стандартты саты үшін үлгінің ең үлкен ені 300 мм, ал кең сатылар үшін 600 мм болуға тиіс.

Кабельдердің стандартты немесе кең сатыларға бекіту схемалары Д қосымшасының Д.1 және Д.2 суретінде берілген.

Кабельдің кесінділерін бекіту кезінде бірінші кесіндіні сатының ортасына орналастырылады, ал қалған кесінділерді бірінші кесіндінің арғы жағына кесінділер жиынтығы, сатының ортасында болатындай етіп орналастырады.

35 мм^2 дейінгі қоса алғанда қималы барлық ток өткізгіш желілері бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісі жеке немесе жиынтықтың бір бөлшегі ретінде диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм-ге дейінгі металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен сатының баспалдағына бекітіледі.

Кабель кесінділері жалпы ені 300 мм артық емес бір немесе бірнеше қабаттармен тесіктерсіз стандартты сатының алдыңғы жағына бекітілуге тиіс.

Үлгінің жиегі мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабель кесінділерін бекіту кезінде бірінші кесінді немесе бірнеше кесінділерден тұратын жиынтық сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділерді немесе жиынтықтарды сыналатын үлгі сатының ортасында тұратындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағына бекітіледі.

Егер бірінші (келесі) қабатқа сатының барлық ені қолданылғаннан кейін кесінділердің екінші (немесе одан да көп) қабаты талап етілсе, онда бірінші кесінді немесе екінші (немесе келесі) қабаттың кесінділер жиынтығы сатының ортасына орналасады, ал қалған кесінділер немесе жиынтықтар екінші (немесе келесі) қабат сатының ортасында болатындай етіп орналастырылады.

Сыналатын үлгіні қалыптастыру үшін көп кесінді қажет болса, онда кесінділерді сатының әр баспалдағына жалпақ жиынтық ретінде бес кесіндінің енінен артық емес сол металл сымның көмегімен бекітеді.

Кабель кесінділерінің көрші жиынтығын өзара бекіту және әр баспалдаққа саңылау болмайтындай етіп бекіту керек.

Саңылаулары жоқ стандартты сатының алдыңғы жағына бекітілген кабельдердің орналасу схемасы (кабель кесінділерінің жиынтығы байланыста болады) Д қосымшасының Д.3 суретінде берілген.

6.2.3.2.4 Сынақтар жүргізу

Жандырғының жалыны арқылы үлгіге 40 мин бойы әсер етіледі, содан кейін жандырғыны алып тастайды, кабельдің қалған жануы немесе бықсуы тоқтатылады.

Сынау камерасы арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығын жану тоқтағанға дейін ұстап тұрады.

Үлгіні мұқият сүртеді. Егер беті бүлінбесе, сүртілген үлгіде күйенің болуына рұқсат етіледі. Үлгінің бейметалл материалының жұмсаруына немесе пішінінің өзгеруіне жол беріледі.

Жалының таралу шамасы ретінде бүлінген бөліктің ұзындығы алынады.

Бүлінген бөліктің ұзындығын оттың төменгі жиегінен көмірленген бөліктің соңына дейін ± 0,02 м дейінгі дәлдікпен метрмен өлшейді.

6.2.3.2.5 Сынау нәтижелері

Егер үлгінің көмірленген бөлігінің жандырғының төменгі шетінен өлшенген ұзындығы 2,5 м кем болмаса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГП 1 өрт қауіптілігі көрсеткіштерінің кодына сәйкес келеді.

6.2.3.3 Будалармен өткізілген кабельдердің немесе сымдардың жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау әдісі (В санаты)

6.2.3.3.1 Үлгілерді іріктеу және дайындау

Сыналатын үлгі бір құрылыс ұзындығынан алынған әрқайсысының ұзындығы 3,5 м кем емес бірнеше кабель кесінділерінен тұруы керек.

Үлгідегі кабель кесінділерінің жалпы саны сыналатын үлгінің 1 м ұзындығына бейметалл материалдардың 3,5 л жалпы номиналды көлемін қамтамасыз етуі керек.

Сыналатын үлгіні таңдау Е қосымшасында берілген талаптарды ескере отырып жүргізілуі керек.

Үлгіні құрайтын кесінділер сынауды бастар алдында (20 ± 10) ° С температурада 16 сағаттан кем емес кондиционирленеді.

Сыналатын кесінділер құрғақ болуы керек.

Кабельдің талап етілетін кесінділер санын есептеу үшін бейметалл материалының көлемін бір кесіндінің бір метрінде анықтайды.

Ұзындықты дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшінұзындығы 0,3 м кем емес кабель үлгісін кесілген бет оське перпендикуляр болатындай етіп кеседі.

Үлгіні бөлшектейді және әрбір бейметалл материалды C_i өлшейді.

Массасы үлгінің жалпы массасының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін 1,0 кг/дм^3 тең етіп қабылдайды.

Массасы үлгінің жалпы массасының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін Д қосымшасында келтірілген әдіс бойынша анықтайды.

Егер кабельдің электр өткізгіш экрандары оқшаулау материалдарынан алынып тасталмаса, бұл құрамбірліктер олардың массасын өлшеу және тығыздықты анықтау кезінде бір бүтін ретінде қабылдайды.

Әрбір C_i бейметалл материалдың кабель ұзындығының көлемі V_i, (1) формула бойынша анықталады.

Бір метр кабельдегі бейметалл материалдың V жалпы көлемі жеке көлемдердің V_1, V_2 жиынтығына тең.

6.2.3.3.2 Сынау жабдығы 6.2.3.1талаптарына сәйкес.

6.2.3.3.3 Сынауға дайындау

35 мм^2 артық қималы кем дегенде бір ток өткізгіш желісі бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісін металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен сатының әрбір баспалдағына жеке бекітеді. Диаметрі 50 мм дейінгі кабельдер үшін диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі сымды пайдаланады, диаметрі 50 мм артық кабельдер үшін диаметрі 1,0 мм-ден 1,5мм дейінгі сымды пайдаланады.

Кабельдің кесінділері көрші кесінділердің арасындағы, кабельдің диаметрінің жартысына тең, бірақ 20 мм артық емес саңылаулары бар,, стандартты сатының алдыңғы жағына жалпы ені 300 мм артық емес бір қабатпен бекітіледі. Үлгінің жиегі мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабельдердің стандартты сатыға бекітілу схемасы Д қосымшасының Д.1 суретінде берілген.

Кабельдердің кесіндісін бекіту кезінде бірінші кесіндіні сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділерді кесінділердің толық жиынтығы сатының ортасында болатындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағынан бекітеді.

35 мм^2 дейінгі қоса алғанда қималы ток өткізгіш желілері бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісін жеке бекітеді немесе диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен сатының әрбір баспалдағына жиынтықтың бір бөлшегі ретінде бекітеді.

Кабельдің кесінділері стандартты сатының алдыңғы жағына саңылаусыз немесе жалпы ені 300 мм артық емес бірнеше қабатпен бекітіледі.

Үлгінің жиегі мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабель кесінділерін бекіту кезінде бірінші кесіндіні немесе бірнеше кесіндіден тұратын жиынтықты сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділер немесе жиынтықтар сыналатын үлгі сатының ортасында болатындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағына бекітіледі.

Егер бірінші (келесі) қабатқа сатының барлық ені пайдаланылғаннан кейін кесінділердің екінші (немесе одан да көп) қабаты талап етілсе, онда бірінші кесіндіні немесе екінші (немесе келесі) кесінділер қабатының жиынтығын саты ортасына орналастырады, ал қалған кесінділерді немесе жиынтықтарды екінші (немесе келесі) қабат сатының ортасында орналасатындай етіп бекітеді.

Егер сыналатын үлгінің қалыптасуы үшін көп санды кесінді талап етілсе, онда кесінділерді сол металл сымның көмегімен бесеуден кем емес кесіндінің еніндей жалпақ жиынтық түрінде сатының баспалдақтарына бекітеді.

Кабель кесінділерінің көршілес жиынтықтары саңылаудың болмауын қамтамасыз ете отырып, өзара бекіту және әр баспалдаққа бекіту ұсынылады.

Саңылаусыз стандартты сатының алдыңғы жағына бекітілген кабельдердің орналасу схемасы (кабель кесінділерінің жиынтығы байланыста болады) Д қосымшасының Д.3 суретінде берілген.

6.2.3.3.4 Сынақтар жүргізу

Жандырғының жалыны арқылы үлгіге 40 мин бойы әсер етеді, осы уақыт өткеннен кейін жандырғыны алып тастайды, кабельдің қалған жануы немесе бықсуы тоқтатылады.

Сынау камерасы арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығын жану тоқтағанға дейін ұстап тұрады.

Үлгіні мұқият сүртеді. Егер оның беті бүлінбесе, сүртілген үлгіде күйенің болуына рұқсат етіледі. Үлгісінің бейметалл материалының жұмсаруына немесе пішінінің

өзгеруіне рұқсат етіледі. Жалынның тарау шамасына бүлінген бөліктің ұзындығын қабылдайды.

Бүлінген бөліктің ұзындығын жандырғының төменгі жиегінен күйеленген бөліктің соңына дейін ± 0,02 м дейінгі дәлдікпен метрмен өлшейді.

6.2.3.3.5 Сынау нәтижелері

Егер үлгінің күйеленген бөлігінің жандырғының төменгі жиегінен өлшенген ұзындығы 2,5 м кем құраса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГП 2 өрт қауіптілігінің көрсеткіші кодына сәйкес келеді.

6.2.3.4 Будалармен өткізілген кабельдердің немесе сымдардың жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау әдісі (С санаты)

6.2.3.4.1 Үлгіні іріктеу және дайындау

Сыналатын үлгі әрқайсысының ұзындығы 3,5 м кем емес, бір құрылыс ұзындығынан алынған бірнеше кабель кесінділерінен тұруы керек.

Үлгідегі кабель кесінділерінің жалпы саны сыналатын үлгінің 1 м ұзындығына бейметалл материалдардың 1,5 л жалпы номиналды көлемін қамтамасыз етуге тиіс.

Сынауға алынатын үлгілерді таңдау Ж қосымшасында келтірілген талаптарды есепке ала отырып жүргізіледі.

Үлгі құрайтын кесінділер сынаудың алдында 16 сағат кем емес уақыт (20 ± 10) ° С температурада кондиционирленеді.

Сыналатын кесінділер құрғақ болуы керек.

Талап етілетін кабель кесінділерінің санын есептеу үшін бір метр кесіндідегі бейметалл материалдардың көлемін анықтайды.

Ұзындықты дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін 0,3 м кем емес кабель үлгісін кесілген бет оське перпендикуляр болатындай етіп кеседі.

Үлгіні бөлшектейді және әрбір бейметалл материалды C_i өлшейді.

Үлгінің жалпы массасының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін 1,0 кг/дм^3 тең етіп қабылдайды.

Үлгінің жалпы салмағының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін Д қосымшасында келтірілген әдіс бойынша анықтайды.

Кабельдің электр өткізгіш экрандары оқшаулау материалдарынан алынбаса, бұл құрамбірліктер олардың салмағын өлшеуді және тығыздықты анықтауды бір бүтін ретінде қабылдайды.

Әрбір бейметалл материалдың C_i кабельінің ұзындығының V_i көлемі (1) формуласы бойынша анықталады.

Бір метр кабельдегі бейметалл материалдың V жалпы көлемі V_1, V_2 жеке көлемдердің жиынтығына тең.

6.2.3.4.2 Сынау жабдығы 6.2.3.1 талаптарына сәйкес.

6.2.3.4.3 Сынауға дайындау

35 мм^2 артық қималы ток өткізгіш желісі бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісін жеке металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен саты баспалдақтарына бекітеді.

Диаметрі 50 мм дейінгі қоса алғанда кабельдер үшін диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі сымды пайдаланады, диаметрі 50 мм артық кабельдер үшін диаметрі 1,0 мм-ден 1,5 мм дейінгі сымды пайдаланады.

Кабельдің кесінділері көрші кесінділердің арасындағы, кабельдің диаметрінің жартысына тең, бірақ 20 мм артық емес саңылаулары бар, стандартты сатының алдыңғы жағына жалпы ені 300 мм артық емес бір қабатпен бекітіледі. Үлгінің жиегі мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабельдердің стандартты сатыға бекітілу схемасы Д қосымшасының Д.1 суретінде берілген.

Кабельдердің кесіндісін бекіту кезінде бірінші кесіндіні сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділерді кесінділердің толық жиынтығы сатының ортасында болатындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағына бекітеді.

35 мм^2 дейінгі қоса алғанда қималы кем дегенде бір ток өткізгіш желілері бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісін жеке бекітеді немесе диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен сатының әрбір баспалдағына жиынтықтың бір бөлігі ретінде бекітеді.

Кабельдің кесінділері стандартты сатының алдыңғы жағына саңылаусыз немесе жалпы ені 300 мм артық емес бірнеше қабатпен бекітіледі.

Үлгінің жиегі мен сатының тіреуіштің ішкі жағы арасындағы ара қашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабель кесінділерін бекіту кезінде бірінші кесіндіні немесе бірнеше кесіндіден тұратын жиынтықты сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділер немесе жиынтықтарды сыналатын үлгі сатының ортасында болатындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағына бекітеді.

Егер бірінші (келесі) қабатқа сатының барлық ені пайдаланылғаннан кейін кесінділердің екінші (немесе оданда көп) қабаты талап етілсе, онда бірінші кесіндіні немесе екінші (немесе келесі) кесінділер қабатының жиынтығын сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділер немесе жиынтықтарды екінші (немесе келесі) қабат сатының ортасында орналасатындай етіп бекітеді.

Сыналатын үлгінің қалыптасуы үшін көп санды кесінді талап етілсе, онда кесінділерді сол металл сымның көмегімен бесеуден артық емес кесіндінің еніндей жалпақ жиынтық түрінде сатының баспалдақтарына бекітеді.

Кабель кесінділерінің көрші жиынтықтарын саңылаудың болмауын қамтамасыз ете отырып, өзара бекіту және әр баспалдаққа бекіту ұсынылады.

Саңылаусыз стандартты сатының алдыңғы жағына бекітілген кабельдердің орналасу схемасы (кабель кесінділерінің жиынтығы байланыста болады) Д қосымшасының Д.3 суретінде келтірілген.

6.2.3.4.4 Сынақтар жүргізу

Жандырғының жалыны арқылы үлгіге 20 мин ішінде әсер етеді, осы уақыт өткеннен кейін жандырғыны алып тастайды, кабельдің қалған жануы немесе бықсуы тоқтатылады.

Сынау камерасы арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығын жану тоқтағанға дейін ұстап тұрады.

Үлгіні мұқият сүртеді. Егер оның беті бүлінбесе, сүртілген үлгіде күйенің болуына рұқсат етіледі. Үлгінің бейметалл материалының жұмсаруына немесе пішінінің өзгеруіне жол беріледі. Жалынның таралу шамасы ретінде бүлінген бөліктің ұзындығы қабылданады.

Бүлінген бөліктің ұзындығын жандырғының төменгі жиегінен күйеленген бөліктің соңына дейін ± 0,02 м дейінгі дәлдікпен метрмен өлшейді.

6.2.3.4.5 Сынау нәтижелері

Егер үлгінің күйеленген бөлшегінің жандырғының төменгі жиегінен өлшенген ұзындығы 2,5 м кем құраса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГП 3 өрт қауіптілігінің көрсеткіші кодына сәйкес келеді.

6.2.3.5 Будалармен өткізілген кабельдердің немесе сымдардың жануының таралу шегін анықтау бойынша сынау әдісі (D санаты)

6.2.3.5.1 Үлгіні іріктеу және дайындау

Бір құрылыс ұзындығынан алынған, сыналатын үлгі әрқайсысының ұзындығы 3,5 м кем емес бірнеше кабель кесінділерінен тұруға тиіс.

Үлгідегі кабель кесінділерінің жалпы саны сыналатын үлгінің 1 м ұзындығына бейметалл материалдардың 0,5 л жалпы номиналды көлемін қамтамасыз етуге тиіс.

Сынауға алынатын үлгілерді таңдау И қосымшасында келтірілген талаптарды есепке ала отырып жүргізіледі.

Үлгі құрайтын кесінділер сынаудың алдында 16 сағ кем емес уақыт (20 ± 10) ° С температурада кондиционирленеді.

Сыналатын кесінділер құрғақ болуы керек.

Кабель кесінділерінің талап етілетін санын есептеу үшін бір кесіндінің бір метріндегі бейметалл материалдардың көлемін анықтайды.

Ұзындықты дәл өлшеуді қамтамасыз ету үшін ұзындығы 0,3 м кем емес кабель үлгісін кесілген бет оське перпендикуляр болатындай етіп кеседі.

Үлгіні бөлшектейді және әрбір бейметалл материалды C_i өлшейді.

Үлгінің жалпы массасының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін 1,0 кг/дм^3 тең етіп қабылдайды.

Үлгінің жалпы массасының кемінде 5 % құрайтын бейметалл материалдар үшін тығыздық мәнін Д қосымшасында келтірілген әдіс бойынша анықтайды.

Кабельдің электр өткізгіш экрандары оқшаулау материалдарынан алып тасталмаса, бұл құрамбірліктер олардың массасын өлшеуді және тығыздықты анықтау кезінде бір бүтін біреу ретінде қабылданады.

Әрбір бейметалл материалдың C_i кабельінің ұзындығының V_i көлемі (1) формуласы бойынша анықталады.

Бір метр кабельдегі бейметалл материалдың V жалпы көлемі V_1, V_2 жеке көлемдердің жиынтығына тең.

6.2.3.5.2 Сынау жабдығы 6.2.3.1-талаптарына сәйкес.

6.2.3.5.3 Сынауға дайындау

35 мм^2 дейінгі қоса алғанда қималы барлық ток өткізгіш желілері бар кабельдер үшін кабельдің әрбір кесіндісін жеке немесе жиынтықтың бір бөлігі ретінде диаметрі 0,5 мм-ден 1,0 мм дейінгі металл (болат немесе мыс) сымның көмегімен саты баспалдақтарына бекітеді.

Кабельдің кесінділері жалпы ені 300 мм артық емес бір немесе бірнеше қабатпен саңылауларсыз стандартты сатының алдыңғы жағына бекітіледі.

Үлгінің жиегі мен сатының тіреуішінің ішкі жағы арасындағы арақашықтық 50 мм кем болмауға тиіс.

Кабель кесінділерін бекіту кезінде бірінші кесіндіні немесе бірнеше кесіндіден тұратын жиынтықты сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділерді немесе жиынтықтарды сыналатын үлгі сатысының ортасында болатындай етіп бірінші кесіндінің әрбір жағына бекітеді.

Егер бірінші (келесі) қабатқа сатының барлық ені пайдаланылғаннан кейін кесінділердің екінші (немесе одан да көп) қабаты талап етілсе, онда бірінші кесіндіні немесе екінші (немесе келесі) кесінділер қабатының жиынтығын сатының ортасына орналастырады, ал қалған кесінділер немесе жиынтықтарды екінші (немесе келесі) қабат сатының ортасында орналасатындай етіп бекітеді

Сыналатын үлгіні қалыптастыру үшін көп санды кесінді талап етілсе, онда кесінділерді сол металл сымның көмегімен бесеуден кем емес кесіндінің еніндей жалпақ жиынтық түрінде сатының баспалдақтарына бекітеді.

Кабель кесінділерінің көрші жиынтықтарын саңылаудың болмауын қамтамасыз ете отырып, өзара бекіту және әр баспалдаққа бекіту ұсынылады.

Саңылаусыз стандартты сатының алдыңғы жағына бекітілген кабельдердің орналасу схемасы (кабель кесінділерінің жиынтығы байланыста болады) Д қосымшасының Д.3 суретінде берілген.

6.2.3.5.4 Сынақтар жүргізу

Жандырғының жалыны арқылы үлгіге 20 мин ішінде әсер етеді, осы уақыт өткеннен кейін жандырғыны алып тастайды, кабельдің қалған жануы немесе бықсуы тоқтатылады.

Сынау камерасы арқылы өтетін ауа ағынының жылдамдығын жану тоқтағанға дейін ұстап тұрады.

Үлгіні мұқият сүртеді. Егер оның беті бүлінбесе, сүртілген үлгіде күйенің болуына рұқсат етіледі. Үлгінің бейметалл материалының жұмсаруына немесе пішінінің өзгеруіне жол берілді. Жалынның таралу шамасы ретінде бүлінген бөліктің ұзындығын қабылдайды.

Бүлінген бөліктің ұзындығын жандырғының төменгі жиегінен күйеленген бөліктің соңына дейін ± 0,02 м дейінгі дәлдікпен метрмен өлшейді.

6.2.3.5.5 Сынау нәтижелері

Егер үлгінің күйеленген бөлшегінің жандырғының төменгі жиегінен өлшенген ұзындығы 2,5 м кем құраса, бұйым сынаудан өтті деп саналады және ПРГП 4 өрт қауіптілігінің көрсеткіші кодына сәйкес келеді.

6.2.4 Кабельдер немесе сымдардың отқа төзімділігін анықтау бойынша сынау әдісі

6.2.4.1 Үлгілерді іріктеу және дайындау

Кабельдердің немесе сымдардың үлгілерінің оқшаулау және қорғауыш қабықтары зақымданбауы (ажырау, кебу) керек.

Сынауға кабельдің немесе өткізгіштің 5 үлгісі дайындалады.

Үлгінің ұзындығы (1200 ± 5) мм құрауға тиіс.

Үлгінің екі жақ ұшынан (100 ± 5) мм ұзындық учаскесінде қабығын алып тастайды.

Бір ток өткізгіш желілерінің ұшынан оқшаулауды алып тастайды, ток өткізетін желілерді бірдей екі топта параллель қосады және қоректену көзіне қосуға дайындайды. Егер кабельде ток өткізгіш желілердің саны тақ болса, онда топтың біреуінде желілер саны біреуге артық болады.

Үлгінің басқа жиегінде ток өткізгіш желілері олардың арасындағы қысқа тұйықталу болмауы үшін жан-жаққа ажыратылуы керек. Сынаудың алдында дайындалған үлгілер 3 сағат аралығында (23 ± 5) ° С температурада кондиционирленеді.

6.2.4.2 Сынау жабдығы

Сынау жүргізуге арналған құрылғы газ оттығынан, сынау процесінде үлгіні қолдайтын құрылғыдан және жиілігі (50 ± 5) Гц айнымалы кернеулі жоғары вольтті қоректендіру көзінен тұруға тиіс.

Сынауды айнымалы кернеу мәнінің амплитудасына тең кернеу кезінде тұрақты кернеу көзінің көмегімен жүргізуге рұқсат етіледі.

Қоректену көзі сыналатын үлгіге жұмыс істеуі 0,1 А артық емес токты қорғау құрылғысы арқылы жалғанады.

Учаскесінде ұзындығы (610 ± 2) мм, диаметрі (1,8 ± 0,1) саңылауы бар және кабельдің немесе сымның барлық жұмысшы бетін бір қалыпты бір мезгілде жылумен қамтамасыз ететін құбырлы газ жандырғысының жалыны жылу көзі ретінде қызмет етеді.

Температураны бақылау үшін ГОСТ 6616 бойынша термоэлектр түрлендіргішті газ жандырғысының жалынына одан (75 ± 2) мм арақашықтықта салады.

Өлшеуді орындау үшін ГОСТ 427 бойынша бөлу бағасы 1 мм металл сызғышты қолданады.

Ауаның ылғалдылығын анықтау үшін ГОСТ 19611 бойынша өлшеу қателігі ± 1 % артық емес ылғал өлшеуіш қолданылады.

Ауа мен газдың шығыны (75 ± 2) мм биіктіктегі жалын 750 ° С тан 800 ° С дейінгі температураны құрайтындай болып реттелуге тиіс.

Жанатын газ ретінде пропанды немесе табиғи газды қолдануға жол беріледі.

Қолдаушы қондырғылар бір-бірінен (300 ± 5) мм арақашықтықта орналасқан және үлгіні көлденең бекітетіндей мүкіндік беретін төрт қысқыштан тұруға тиіс.

Қолдаушы құрылғының барлық металл бөлшектерін жерге қосылуға тиіс.

Сынау жанған өнімдерді жоюды қамтамасыз ететін желдету жүйесі бар камерада жүргізіледі.

6.2.4.3 Сынақтар жүргізу

Сынау 10 °С-тан 35 ° С дейінгі температурада, 40 %-дан 80 % дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдылығында тұйық көлемде жүргізілуге тиіс.

Кабельдің немесе сымның үлгісін қолдаушы құрылғыға көлденең газ жандырғысына параллель бекітеді. Үлгінің төменгі беті (75 ± 5) мм арақашықтықта жандырғының үстінде болу керек.

Сыналатын үлгі әртүрлі әлеуетті неғұрлым көп желі жандырғының жалынынан ең аз жойылуымен көлденең жазықтықта болатындай орналасуға тиіс.

Үлгіні қоректену көзіне қосады және номиналды кернеу береді.

Жандырғының газ қоспасын жағады және қорғау мақсатында ажыратылатын құрылғы іске қосылғанға дейінгі уақытты белгілейді. Газ жандырғысының жалыны және сынау кернеуі қорғау мақсатында сөндірілетін құрылғы іске қосылғанға дейін үлгіге үзіліссіз салынуға тиіс.

Сынау процесінде үлгідегі кернеу номиналды мәнге тең болып тұруы керек.

Сынау дайындалған бес үлгінің әрқасысымен жүргізіледі.

6.2.4.4 Сынау нәтижелері

Кабельдің немесе сымның отқа төзімділігі шегі үлгілерге бес сынақ жүргізу кезінде алынған уақыт мәндерінің орташа арифметикалық мәні сияқты анықталады.

6.2.5 Кабельдердің немесе сымдардың материалдарының жануының газ тәрізді өнімдерінің жемірілу белсенділігінің көрсеткіштерін анықтау бойынша сынау әдісі

6.2.5.1 Үлгілерді іріктеу және дайындау

Сынау жүргізу үшін оқшаулау материалының фрагмент қоспасынан және бұйымның жанатын қорғаушы жамылғысынан тұратын (1000 ± 10) мг-нан үш үлгі дайындалады.

Үлгідегі материал қабығының, оқшаулауының және қорғауыш жамылғыларының өлшеу қатынасы осы материалдардың кабельдің немесе сымның ұзындық бірлігіндегі өлшеу қатынасына тең болуға тиіс.

Үлгілер (2,5 ± 0,5) мм өлшемді болуға тиіс.

Сынауды жүргізер алдында үлгілерді (23 ± 2) °С температурада және (50 ± 5) % салыстырмалы ылғалдылықта 16 сағ бойы кондиционирлейді.

6.2.5.2 Сынау жабдығы:

- сынау құрылғысы құбырлы пештен, иілмелі жалғастырушы құбырлардан, шыны құбырлардан, *«қайықшадан», қызу аймағындағы «қайықшаларды» енгізуге арналған*

құрылғыдан, газдарды барботирлеуге арналған құрылғыдан, ауа беретін құрылғыдан құралуға тиіс;

- ГОСТ 427 бойынша өлшеуіш металл сызғыш;
- өлшеу қателігі ± 1 сек артық емес секундомер.
- ГОСТ 24104 бойынша бөлу бағасы 10 мг артық емес талдау таразылары;
- ГОСТ 1770 бойынша бөлу бағасы 10 мл артық емес өлшегіш шыны ыдыс;

-өлшеу қателігі бірлік pH 0,02 артық емес иономер;

- салыстырмалы өлшеу қателігі 0,5 % артық емес кондуктометр;

-700 °С-тан 1000 °С дейінгі температура ауқымындағы жіберілетін рұқсат етілетін өлшеу қателігі 5 °С артық емес термобу өлшеуіш.

Өлшеуіш ГОСТ 6616 бойынша *белсенді жеміріліу газдарының әсерінен қорғалған нұсқада термоэлектрі түрлендіргіштермен жинақталуы керек.*

Қондырғылардың схемасы К қосымшасының К.1 – К.3 суретінде берілген.

Құбырлы пеште ұзындығы 400 мм-ден 600 мм дейін, ішкі диаметрі 40-тан 60 мм дейінгі және жылу аймағында 1000 °С кем емес температура жасауға мүмкіндік беретін электр жылыту жүйесін реттейтін жүйесі болуға тиіс.

Иілгіш жалғастыру түтіктері қондырғының барлық құрама бөлшектерін қымтақ жалғастырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Шыны түтік отқа төзімді болуға және диаметрі 32 мм-ден 45 мм дейін болуға тиіс. Шыны түтіктің сыртқы диаметрі түтікше пешінің жылу аймағының ішкі диаметрінен 5 мм кем болуы керек. Шыны түтікше қыздырылатын түтікшелі пештің жиегіндегі шегінен мынадай арақашықтықта шығуы керек:

- кіріс саңылауда 60 мм ден 200 мм дейін;

-шығыс саңылауда 60 мм ден 100 мм дейін.

Сынамаларды салуға арналған «қайықшалар» қыздырылатын түтікшелі пештің аймағында пайда болатын температураға бұзылмай шыдаған кварц шыныдан, фарфордан немесе қыш материалдан жасалуға және олардың мынадай өлшемдері болуға тиіс:

-ұзындығы 45 мм-ден 100 мм дейін;

- ені 12 мм-ден 30 мм дейін;

- тереңдігі 5 мм-ден 10 мм дейін.

Түтікше пешінің жылыту аймағына «қайықшаны» енгізуге арналған қондырғының құрамына шыны құты, тұрақты екі магнит, тот баспайтын болаттан жасалған және қабатты тығындайтын сым.

